БЕКІТЕМІН:

К.Нұрбаев атындағы Ақсуат орта мектебі КММ директоры

_____ Ж. Тургамбаева

«13» 01 2026 жыл

Балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты қызмет көрсетушіге қойылатын талаптар:

1.1. Бекітілген ас мәзірі бойынша ыстық тамақпен қамту, тамақтың кесте бойынша берілуі;
1.2. Мектеп жанындағы интернат ғимаратында білім алатын оқушыларды кейтеринг қызметімен тамақтандыруды ұйымдастыру;
1.3. "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес тамақтану жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау;
1.4. Күнделікті ас мәзірінің ілініп тұруы;
1.5. Тағам сапалы, қауіпсіз болуын, ілеспе құжаттарының болуын қамтамасыз ету;
1.6. Аспазшылар мен ыдыс жуушылардың медициналық кітапшасының және арнайы киімінің болуы талап ету;
1.7. Ас дайындау блогын ыдыстарды жууға арналған құралдармен және залалсыздандыруға арналған қоспалармен қамтамасыз ету;
1.8. Аспазшыны қабылдаған уақытта аспаздық куәлігінің болуын қадағалау;
1.9. Ас дайындау блогын қажетті барлық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету (оқушы санына сәйкес ыдыс аяқтар мен тоңазытқыштар, мұздатқыштар, электрлі плиталар, ыдыс жуатын үш секциялық ванналар, стеллаждар, бөлшектеу столдары, тамақ сақтауға арналған сөрелер мен шкафтар, буфеттік өнімдерді дайындауға, дайын тағамдарды жылытуға арналған құрылғылар т.б.);
1.10. Электр энергиясының шығындарын арнайы қондырылған электр есептегіш құрылғының көрсеткіші бойынша әр ай сайын төлеп тұру;
1.11. Асхананың тамақтану залын эстетикалық талғаммен талапқа сай жабдықтап күтіп ұстау;
1.12. Мемлекеттік бақылау органдарынан толтырылған ұйғарымдар мен актілерді мерзімінде орындау;
1.13. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығына сәйкес өрт қауіпсіздігін сақтау;
1.14. Мектепшілік комиссияның жұмыс жасауына кедергі келтірмеу.
1.15. Жалға алынған ас дайындау блогына жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу (әктеу, сырлау, жөндеу).
1.16. Тапсырыс беруші тарапынан жасалған әрбір ескертуге жазбаша түрде жауап қайтару.